

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі

134–137-баптар



134-бап. Пациенттің құқықтары

- профилактика, диагностика және емдеу барысында лайықты қарым-қатынасқа, мәдени және жеңе құндылықтарын құрметтеуге;
- медициналық критерийлерге ғана негізделген, кемсітусіз медициналық көмек алуға;
- ТМКК және (немесе) МӘМС шеңберінде дәрігерді немесе медициналық ұйымды таңдауға, ауыстыруға, шұғыл және кезек күттірмейтін көмектен басқа;
- медициналық ұйымда аудио- және (немесе) бейнебақылау мен жазба жүргізілетіні туралы хабардар болуға;
- медициналық технологиялардың мүмкіндігі шегінде азапты жеңілдетуге;
- диагноз, болжам, емдеу жоспары, қауіп-қатерлер, артықшылықтар, баламалы емдеу тәсілдері, емнен бас тартудың салдары, үйге шығару немесе басқа ұйымға ауыстыру себептері туралы ақпарат алуға; тәуелсіз пікір мен консилиум алуға;
- өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің құны мен қосымша төлем мөлшері, тағайындалған дәрілік заттар және медициналық қызметкерлер туралы ақпарат алуға;
- оқу процесіне қатысудан және емдеу-диагностикалық рәсімдер кезінде үшінші тұлғалардың қатысуынан бас тартуға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарға.



Маңызды:

- Пациент құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымның көрнекі жерлерінде орналастырылады.
- Медициналық көмек ақпараттандырылған келісім алынғаннан кейін көрсетіледі.
- Пациент денсаулық жағдайы туралы ақпарат берілетін адамды айқындай алады.
- Пациент құқықтарын мемлекеттік органдар, денсаулық сақтау ұйымдары және қоғамдық бірлестіктер қорғайды.



135-бап. Пациенттің міндеттері

- өз денсаулығын сақтау және нығайту шараларын қабылдау;
- медицина қызметкерлерімен қарым-қатынаста құрмет пен әдеп сақтау;
- диагноз қою және емдеу үшін қажетті барлық ақпаратты дәрігерге хабарлау және медициналық араласуға келісім бергеннен кейін тағайындауларды орындау;
- ішкі тәртіп қағидаларын сақтау, медициналық ұйым мүлкіне ұқыпты қарау, персоналмен ынтымақтасу;
- диагностика мен емдеу кезінде денсаулық жағдайының өзгеруі туралы, сондай-ақ айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар немесе оларға күдік туралы дер кезінде хабарлау;
- басқа пациенттердің құқықтарын бұзатын әрекеттер жасамау;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындау.



Ескертпе: құрметпен қарым-қатынас жасау, дәрігерге қажетті ақпарат беру және денсаулық жағдайындағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлау міндеттері стационарда науқас балаға күтім жасайтын ата-аналарға және өзге де тұлғаларға да қолданылады.



136-бап. Медициналық көмектен бас тарту құқығы

- пациент немесе оның заңды өкілі 137-бапта көзделген жағдайлардан басқа кезде медициналық көмектен бас тарта алады;
- медицина қызметкері ықтимал салдарларды түсінікті түрде түсіндіруге міндетті;
- бас тарту медициналық құжаттамаға, оның ішінде электрондық форматта, жазылып, пациент немесе оның заңды өкілі және медицина қызметкері қол қояды;
- егер пациент немесе оның заңды өкілі қол қоюдан бас тартса, бұл туралы медициналық құжаттамада тиісті жазба жасалады;
- егер кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамның заңды өкілдері оның өмірін сақтап қалуға қажетті көмектен бас тартса, медициналық ұйым қорғаншылық және қамқоршылық органына және (немесе) сотқа жүгінуге құқылы.



137-бап. Пациенттің келісімінсіз медициналық көмек көрсету

Келесі адамдарға қатысты рұқсат етіледі:

- өз еркін білдіре алмайтын шоктық немесе коматоздық жағдайдағы адамдарға;
- айналадағыларға қауіп төндіретін аурулары бар адамдарға;
- ауыр психикалық бұзылыстары бар адамдарға;
- қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған психикалық бұзылыстары бар адамдарға.



Қосымша:

- Кәмелетке толмағандарға және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға келісімді заңды өкілдері береді, Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда.
- Шешімді консилиум, ал оны жинау мүмкін болмаса — кейіннен медициналық ұйымның лауазымды адамдарына хабарлай отырып, тікелей медицина қызметкері қабылдайды.
- Келісімінсіз медициналық көмек көрсету оған негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін жалғасады.



Инфографика анықтамалық сипатта. Дереккөз: Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 134–137-баптары.